

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Күнес Зарина Бекболатқызы

«Көптарналы телекоммуникациялық жүйелерін жобалау»

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

6B06201 «Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

Е. Таштай

« 31 » 05 2024 ж.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы «Көпарналы телекоммуникациялық жүйелерін жобалау»

6B06201 – «Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Орындаған:

Күнес З.Б.

Пікір беруші:

Ғ. Даукеев атындағы АЭЖБУ,  
т.ғ.к., Телекоммуникациялық инженерия  
кафедрасының доценті

Чечимбаева К.С. Чечимбаева К.С.

« 30 » 05 2024 ж.

Ғылыми жетекші

ҚазҰТЗУ, PhD, ЭТЖҒТ,  
қауымдастырылған профессор  
Юсупова Г.М. Юсупова Г.М.

« 28 » 05 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

6B06201 Телекоммуникация

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

Е. Таштай

« 09 » 12 2023 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Күнес Зарина Бекболатқызы  
Тақырыбы «Көпарналы телекоммуникациялық жүйелерін жобалау»  
Университет ректорының «04» 12. 2023 ж. №548-П/Ө бұйрығымен  
бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «30» сәуір 2024 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері:

- 1)  $\lambda$  – Толқындық жұмыс ұзындығы, м ( $1,55 \times 10^{-6}$ );
- 2)  $NA$  – Сандық апертура (0,094)
- 3)  $P_{пт}$  – Бессель функциясының түбірінің мәні (2,405)
- 4)  $C_0$  – Жарық жылдамдығы, м/с ( $3 \times 10^8$ )

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Көпарналы телекоммуникациялық желілердің типтерін сипаттау;
- б) Әртүрлі шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау;
- в) Көпарналы телекоммуникациялық желінің өткізгіштік қабілеттілігіне, сенімділігі мен бұзылуларға төзімділігіне, деректерді тарату жылдамдығына қойылатын талаптарды анықтау;
- г) Көпарналы телекоммуникациялық желі моделін жобалау: желі архитектурасын таңдау, арна санын анықтау, құрылғылардың желіге қосылу схемасы, деректерді тарату протоколы мен алгоритмін таңдау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):  
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Гольдштейн Б.С., Орлов О.П., Ошев А.Т., Соколов Н.А.  
Модернизация сетей доступа в эпоху NGN// Вестник связи.-2023.-№2

2. Семенов Ю.В. Проектирование сетей связи следующего поколения.- М.: Правда, 2012. Шнепс-Шнеппе М.А. Архитектура OSA/Parlay как реализация NGN// Вестник связи.-2003.-№9.
3. Шельгов В.И. Siemens представляет NGN-решения. – Сети и системы связи, №3, 2023.

дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	04.01.2024 - 01.02.2024	<i>Ирландия</i>
Теориялық ақпарат	01.02.2024 - 01.03.2024	<i>Ирландия</i>
Жабдықтар жұмысының есебі және жұмысты рәсімдеу	01.03.2024 - 30.05.2024	<i>Ирландия</i>

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған

**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Юсупова Г. М., ЭТЖҒТ каф. қауымдастырылған профессоры, PhD	1.03.2024	<i>Юсупова</i>
Теориялық ақпарат	Юсупова Г. М., ЭТЖҒТ каф. қауымдастырылған профессоры, PhD	25.04.2024	<i>Юсупова</i>
Норма бақылау	Досбаев Ж.М. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, PhD	28.05.2024	<i>Досбаев</i>

Ғылыми жетекшісі

*Юсупова*

Юсупова Г.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Күнес З.Б.

Күні «01» желтоқсан 2023 ж.

## **АҢДАТПА**

Бұл дипломдық жұмыста байланыс жабдықтарының дамуына орай Алматы облысының Өтеген Батыр ауылында NGN технологиясын қолданып көпарналық телекоммуникациялық жүйелерді ұйымдастыру қарастырылған.

Құрылғы түрін таңдау негіздемесі және оның техникалық сипаттамалары келтірілген.

## **АННОТАЦИЯ**

В данной дипломной работе в связи с развитием средств связи рассматривается организация многоканальных телекоммуникационных систем в поселке Отеген Батыр Алматинской области с применением технологии NGN.

Приведены расчёты основных параметров выбранного оборудования данного проекта.

## **ABSTRACT**

In this thesis project in connection with the development of means of communication considered multichannel telecommunication systems business in the village Otegen Batyr Almaty region using the technology of NGN.

The calculations of the basic parameters of the selected equipment for this project.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Жобалық ақпараттық шешімдерді негіздеу және талдау	8
1.1 Өтеген батыр ауылында жобаланатын NGN сипаттама	8
1.2 Өндіруші фирмаларды салыстыру мен таңдау	10
1.3 SDH шеңберлік желілерін синхрондау	12
2 NGN анықтамасы	15
2.1 NGN мультисервисті желілерді құру қағидалары	18
2.2 NGN архитектурасы	19
2.3 NGN қызметтеріне қосылуды ұйымдастыру	22
2.4 Huawei Technologies U – SYS жүйесі құрылғысын сипаттау	23
2.5 Иілгіш коммутатор	24
2.6 Беріліс жүйесін таңдау	31
3 Есептеу бөлімі	34
3.1 Оптикалық кабель типін таңдау	34
3.2 Көлік желілерін басқару	37
3.1 Дисперсия есебі	39
Қорытынды	40
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезде Қазақстанда телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру 1998-2005 жж. кезеңіне арналған жалпы пайдаланылатын байланыс желілерін жаңғырту мен дамыту бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламада қызметтердің мынадай негізгі бағыттары анықталған:

- СЦИ (SDH) байланысының талшықты-оптикалық желісі негізіндегі;
- Ұлттық Ақпараттық Супермагистраль (ҰАС) құрылысы;
- қалалық және ауылдық ұқсас жүйелерді цифрлық жүйеге кезеңдік ауыстыруды қоса алғанда, жергілікті телекоммуникациялық желілерді жаңғырту мен дамыту, қалалық және аймақтық көлік желілерінің құрылысы;
- мәліметтерді беру желілерін құру;
- №7 ОКС желілерін құру және синхрондау.

Сондай-ақ онда желілерді жаңғыртудың мынадай негізгі принциптері тұжырымдалған:

- әрбір елді мекенге жалпыға қолжетімді байланыс қызметтерін көрсету;
- заманауи технологияларды қолдану негізінде байланыстың ұлттық инфрақұрылымын жедел дамыту есебінен көрсетілетін қызметтердің аясын кеңейту;
- пайдаланудағы байланыс құралдарын пайдалану тиімділігін арттыру.

NGN желісін жасау жоғарғы икемділігі, төмен шығындар және кең таратылуы оны ең жақсы хаттама етеді. Дәстүрлі желінің қалааралық байланысына қарағанда, NGN IP технологиясында жұмыс істейді. Бұл шешім қалалық желіні үнемді және экономикалық тәсілдермен және оның негізінде жергілікті NGN желілерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

NGN – желісін еңгізу арқасында ескірген аналогтық телефондық станциясының абоненттері цифрлық телефонды станциясына өтіп кете жаңа платформаға ауыстырылады. Конвергентті желі тек қана дәстүрлі телефон қызметтерін ғана бермей, сонымен қатар жаңа мультимедиялық қызмет көрсетеді. Олар: видетелефония, мультимедиялық мәжіліс, мультимедиялық хабарды және тексті тасымалдау қызметтері. «Қазақтелеком» АҚ NGN- желісі арқылы Қазақстан кәсіпорындарына және бірлескен тапсырыс берушілерге виртуалды жеке желі ұйымдастыру үшін, қорғалған дауысты тасымалдау мүмкіншілігін және видеоны пайдалануды ұйымдастырылады.

Сондықтан осы дипломдық жобаның тақырыбы Өтеген батыр ауылында NGN технологиясын пайдалану арқылы көп арналы телекоммуникациялық жүйені ұйымдастыру болып табылады.

# 1 Жобалық ақпараттық шешімдеді негіздеу және талдау

## 1.1 Өтеген батыр ауылында жобаланатын NGN сипаттама

Өтеген батыр ықшам ауданындағы халық саны 1999 жылы 18 мың адамды құрады, сол уақытпен салыстырғанда 2014 жылы халық саны 32 мың адамға дейін өсті. Қызмет көрсету сапасы мен мәліметтерді беру жиілігіне талаптар да өзгерді.

Қазіргі уақытта ұқсас станциялардың көпшілігі заманауи цифрлық станцияларға ауыстырылды (Lusent Technologies фирмасының 5ESS, Alcatel фирмасының S-12 және т.б.), алайда, сонымен қатар қалалық желілер АТСК типіндегі ескірген станциялармен жұмыс істейді, олар қазіргі заманғы талаптар мен сұранымдарды қанағаттандырмайды. ҚТС арасындағы біріктіру желілерінің жеткіліксіз саны мен сапасы абоненттік қызметтердің толық аясын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Қазақстан Республикасының оңтүстік астанасы Алматы қаласындағы телефон желілерінің осындай кемшіліктерін шешу үшін осы дипломдық жобада Алматы қаласында қалалық NGN шеңберін құру ұсынылып отыр.

Қазақстанда телекоммуникацияны қарқынды дамыту табысындағы сенімділік мынадай алғышарттардан тұрады:

- шетелдік инвесторлар үшін Қазақстан Республикасының нық дамып келе жатқан әлеуетінің тартымдылығы;

- ТМД-ның ғаламдық кеңістігіндегі тұрақты фактор ретінде Еуразиялық континенттің орталығында орналасқан Қазақстанның тиімді географиялық жағдайы. Бастапқы магистральдық желінің құрылымдары - ТОЖБ мен ЦРПЛ магистральдық желілерде орналасқан ірі елді мекендер орталықтарына ақпараттар ағынын енгізу мен шығару арқылы синхрондық-цифрлық иерархияның артықшылықты жүйесін (SDH техникасы) қарастырады. Бұл әрбір АМТС-тан және үш – әрбір МЦК-дан екі тәуелсіз шығаберісті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Телекоммуникацияның қалалық желілерін бұдан әрі дамыту:

- бастапқыда интегралдық қызмет көрсетудің (ISDN) тар жолақты цифрлық желілерін құру АТС цифрлық базасында және болашақта кең жолақты желілерге көшу арқылы (АТМ, FR) байланыс қызметінің толық көлемін көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Қуатты коммутациялық торапты (HOST) ұйымдастыру арқылы цифрлық қондырғыны кеңінен пайдалану жолымен.

- ТОЖБ негізінде SDH көлік шеңберін пайдалану арқылы.

- WLL сымсыз мүмкіндікті қосымша ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда бөлінген арнаның көлемі – 10000 арна, бұл республиканың барлық облыстық орталықтарын, аудандық орталықтардың жартысынан көбін



және ауылдық елді мекендердің үштен бір бөлігін халықаралық цифрлық байланыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Желілердің құрылымдық схемаларын жеңілдету және талап етілетін қондырғының санын қысқарту SDH-мультиплексор өзінің функционалдық ықтималдығы бойынша PDH мультиплексоры бағанына ауыстырғанының арқасында мүмкін болды. Плезиохрондық мультиплексор бірнеше құрамдық сигналдарды бөліп шығару үшін ағынды демультиплексирледі, содан кейін құрамдық сигналдардың барлық жиынын қайтадан мультиплексирледі. SDH-мультиплексор барлық ағынды талғамай-ақ талап етілетін құрамдық сигналдарды бөліп шығарады. Бұл жағдайда қондырғы аз қажет болады, қуаттандыруға талап төмендейді, алаңдар босатылады, пайдалану шығындары азаяды.

Желіні орталықтан басқару арналар мен тораптар (мультиплексорлар) жағдайының толық мониторингін қамтамасыз етеді. Шеңберлік топологияны пайдалану резервтік жолға кез-келген апаттық жағдай кезінде арналардың автоматты қайта бағытталу мүмкіндігін көрсетеді.


Конфигурация желісін басқару, апаттық жағдайларды бақылау мен тіркеу басқарудың бірыңғай консолдары арқылы бағдарламалық құралдармен жүргізіледі. Орталықтан басқару жүйесінің функциясына арналарды тестілеуді қолдау және мультиплексорлардың негізгі блоктары жұмыстарының сапасын бақылау кіреді. Байланысты ұйымдастырудың схемасында шеткі пункттер мен транзиттік пункттер көрсетіледі, мұнда осы тармақтарда белгіленген барлық мультиплексорларды бөлу, сондай-ақ оларды өзара қосу қарастырылған.

Байланыс 1+1 схемасы бойынша резервтеу арқылы «желілік тізбек» схемасы арқылы ұйымдастырылады.

Жобаланатын учаскедегі ағынның есептелген саны бойынша мыналарды ұйымдастыру қажет:

- телефондандыру үшін: 128 екі мегабиттік ағынды;
- Internet мүмкіндігі үшін: 316 екі мегабиттік ағынды.

Осындай ретпен, Өтеген батыр ауылының станциясында 444 екі мегабиттік ағын ұйымдастырылады.



1.1-сурет – Өтеген батыр ықшам ауданындағы байланысты ұйымдастырудың құрылымдық сұлбасы

## 1.2 Өндіруші фирмаларды салыстыру мен таңдау

Желілердің SDH-технологиясының базасында дамуы 1993 жылдан басталды. Алғашқысы STM-1 деңгейіндегі мультиплексорлар болды. Бірнеше уақыт өткен соң телекоммуникациялық компаниялар дамығанда және олардың желілік қорлары таусылғанда мультиплексорларда STM-4,16 деңгейінің қажеттілігі туындады. Жақын болашақта STM-32,64 мультиплексорының қажет болатынын күтуге болады.

SDH қондырғыларының арасында саны бойынша бірінші орынды Nortel-TN-1X фирмасының бірінші деңгейлі SDH мультиплексоры (STM-1) алады. Бұл қондырғы алғашқыда ресейлік нарықта пайда болды, бірінші болып РФ Байланыс министрлігі сертификациядан өткізді, бірінші болып жанды трафикті өткізді. Бұдан басқа бұл күнде Nortel SDH (TN-1C, TN-1P, TN-4X, TN-16X) бұйымдарының бірнешеуі ұсынылды. TN-1P және TN-1C пайдаланушылық мүмкіндіктегі мультиплексорлар ретінде анықтауға болады. STM-1 жинақты көлемі мен деңгейінің сәйкестігі оларды «соңғы миль» учаскесі үшін оларды тура келетіндей етеді. Алайда қондырғы салыстырмалы түрде пайдалану үшін жарыққа жақында ғана келді, сондықтан ол әлі көп тарала қойған жоқ. TN – 4X және TN – 16X өнімдері тиісінше 4 – ші және 16 – шы деңгейдегі SDH мультиплексорлары болып табылады.

Танымалдығы жағынан екінші орынды Philips маркасымен пайда болған (бүгінде оны басқа фирмалар жеткізеді) SDH-қондырғысы алады. Желілерде PHASE FNS - ADM 4/1 сериясындағы мультиплексорлардың пайда болуы үздік техникалық шешім болды. «Біреуде екеу» тұжырымына сәйкес жасалған олар бірінші және төртінші деңгейдегі жаңа SDH-желілерінің құрылысына, сондай-ақ бірінші деңгейдегі барынша дамыған желілердің қорларын арттыруға жақсы келеді. Мұндай бұйымдардың әмбебап текшесі бар-жоғы тиісті карталарды қоса отырып, STM-1 мультиплексорын STM-4 мультиплексорына өзгертуге мүмкіндік береді. Осы бұйым VC-12 бастап VC-4 дейінгі деңгейлердегі электронды кросстық біріктірулерді орындай отырып, кросстық коммутатор функцияларын өте жақсы атқара алады.

Алайда ештеңе орнында тұрмайды, технология қарқынды даму үстінде, оның үстіне кеше ғана танымал болған техникалық шешім, бүгін үйреншікті болып қалды. Lucent Technologies, ECI, Siemens сияқты компаниялар қондырғыларында жасалған SDH желілері пайда болды.

Әртүрлі фирмалардың сипаттамаларын қарастырайық:

Nortel фирмасы

- Арналардың (ағындардың) және біріктірілген порттарды ықтимал нұсқаларының үлкен жиыны;
- Өткізу жолақтарын икемді басқару;
- Кіріктірме оптикалық күшейткіштер стандартты оптикалық талшықтың үлкен қашықтығында жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
- Топология түрін бағдарламалық таңдау;
- OSI моделінің элементі негізінде басқарудың кеңейтілген

функциялары;

- Басқа өндірушілер бағдарламаларының көмегімен желілік деңгейде басқару мүмкіндігіне арналған Q3 интерфейсі;
- Қателерді зияткерлік өңдеу;
- Шеңберлік топологияны ақаулықтардан қорғау;
- Ағындарды қорғау;
- Желілік сервистердің қолжетімділік деңгейі тиісінше 99.9999% қамтамасыз ету.

Philips фирмасы:

- STM – 16 мультиплексорының стандартқа толық сәйкестігі;
- Өнімділіктің G.826 мониторингі;
- Икемді құрылым терминалдық мультиплексор (TM), регенератор, кіріс/шығыс мультиплексоры және жергілікті кросс-коннектор (DXC) ретінде пайдалануға жол береді;

- Ағындарды қорғау;
- 75 және 120 Ом - дық 2 Мбит/порт;
- Бағдарламалық қамтамасыз етудің қашықтықтағы жүктемесі;
- Басқарудың сыртқы сигналдарының ашық берілісі;
- Тапсырыс бойынша телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру;
- Басқарудың зияткерлік жүйесі (UNIX) Siemens фирмасы.
- SDH жүйесін әзірлеуде және өрістетуде көшбасшы
- Міндеттердің бүкіл аясын қамтитын шешімдердің толық жиыны
- Әзірленетін өнімдердің жоғары сенімділігі
- «Дайын» шешім
- Телекоммуникациялық қызметтердің жеткізімшілер үшін жан- жақты толық шешімі
- Басқарудың кіріктіріме жүйесі мыналарға мүмкіндік береді:
- сервистерді көрсету жылдамдығын ұлғайтуға
- пайдалану шығындарын төмендетуге
- Басқа өндірушілердің қондырғыларын пайдалану арқылы желілерді жобалауға мүмкіндік беретін стандарттарға толық сәйкестік
- Күйге келтіруді басқарудың икемді жүйесі құрылғыларды бірнеше желілерде бір мезгілде басқаруға мүмкіндік береді
- Ақаулықтарды өңдеу үзілістер туралы хабарламалар жиынын, оқиғаны тіркеуді, қателіктерді оқшаулауды, ақаулықтар туралы хабарламаны сүзгілеуді қамтамасыз етеді.

Siemens фирмасы сондай-ақ желілік операторға оның бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін артықшылықтарды да ұсынады. Желілерді жоспарлау процесін жеңілдету, әсіресе жүктеме өзгерістері жиі өтетін жерлердегі нүктелерде, бұл:

- қолдағы қуаттылықты барынша толық пайдалануға
- әрекет етудің жақсартылған уақытына
- барынша жетілдірілген желілік деңгейлерді пайдалануға

мүмкіндік береді

- Құнды және желіге орнату күрделілігін төмендету
- Сенімділікті арттыру және желілік басқаруды жеңілдету
- Толық шеңберлік құрылым немесе екі шеңберге іргелес STM-4 және бір SMA16 сегіз шеңберге іргелес STM-1
- 256 x 2 Мбит дейін/бір SMA16 сыртқа шығарылған өткізгіш

Барынша тиімді талшықты-оптикалық технологияны пайдалану мақсатында келтірілген сипаттамалар бойынша SDH әзірлеудегі бірқатар жетекші фирмаларды талдадық. «Siemens» фирмасы өзінің бағытында жылдамдықтың, икемділік пен құнының бірден-бір сипаттамасы бар телекоммуникациялық жүйені құру мақсатында заманауи электроника мен бағдарламалау техникасын үйлестіру арқылы SDH стандартын оңтайлы пайдаланады.

Атап айтқанда, «Siemens» SDH жүйесі бірқалыпты, болашаққа есептелген, бүгінгі плезиохронды цифрлық желілерден барлық салмақты немесе жұмыс артықшылықтары бар ертеңгі синхронды цифрлық желілерге көшуге мүмкіндік береді.

### **1.3 SDH шеңберлік желілерін синхрондау**

Желілерді синхрондауды қалыптастыру кезінде қойылатын негізгі талап – синхрондау сигналын таратудың негізгі және резервтік жолдарының болуы. Алайда, осындай және басқаша жағдайда да иерархиялық ағаштың топологиясы қатаң ұсталуы және синхрондаудың тұйық ілмектері болмауы тиіс. Екінші талап балама хрондаушы көздердің болуы болып табылады. Мінсіз жағдай балама көздер олардың басымдығы мен мәртебесіне сәйкес орындалғанда болады.

Синхрондау желілерін жүйелі қалыптастырған кезде шеңберлік, сондай-ақ ұяшықты желілерде синхрондаудың тұйық ілмектерінің пайда болуына жол бермеуге болады. Синхрондаудың мәртебесі туралы хабарламаны пайдалану өз кезегінде синхрондау желілері қызметінің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. SDH шеңберлік желілерді синхрондаудың схемасы келтірілген, мұнда жоғарғы схема желінің қалыпты жұмыс істеуіне, ал төменгі схема – А және С тораптарының арасындағы кабельдердің ажырауынан болған үзілістерге сәйкес келеді.

Схема классикалық иерархиялық әдіс қоятын мәжбүрлі синхрондауды пайдаланады. Тораптардың бірі (А торабы) жетекші (немесе торап – шебері) деп аталады және оған сыртқы PRC синхрондау сигналы беріледі. Осы тораптан негізгі синхрондау (бірінші басымдық көзі) сағат тілінің бағытымен бөлінеді, яғни В, С және Д тораптарына.

Резервтік тармақтар бойынша синхрондау (екінші басымдық көзі) сағат тілі бойынша бөлінеді, яғни Д, С және В тораптарына.


Тораптар бойынша синхрондаушы көздерді бастапқы бөлу 1.1 кестеде

келтірілген.

Кесте 1.1 – Шеңберлік желілерді синхрондау көздерін бөлу


Түйін	Бірінші белсенділіктің көзі	Екінші белсенділіктің көзі
Түйін А	Сыртқы 2 МГц PRC	Қарастырылмады
Түйін В	Сызықтық сигнал STM-N А түйінінен	Сызықтық сигнал STM-N С түйінінен
Түйін С	Сызықтық сигнал STM-N В түйінінен	Сызықтық сигнал STM-N Д түйінінен
Түйін Д	Сызықтық сигнал STM-N С түйінінен	Сызықтық сигнал STM-N А түйінінен

В және С тораптарының арасындағы кабельдердің ажырауы кезінде С торабы В торабынан синхрондау сигналын алмай-ақ синхрондауды ұстау режиміне көшеді және Д торабына синхрондау сапасы деңгейінің SETS мәртебесі туралы хабарлама жібереді. А және С торабынан синхрондау сапасының деңгейі туралы хабарлама алған және үздік торапты таңдаған (А бастап) Д торабы С торабына «Don't use» орнына «PRC» хабарламасын жібереді. Д торабынан осы хабарламаны алған С торабы синхрондау көзінен Д басталатын «PRC» өзгертеді. Қалыпты жұмыс істеу кезіндегі синхрондау схемасы 1.5 суретте келтірілген.



1.2-сурет – Қалыпты жұмыс істеу кезіндегі синхрондау сұлбасы

Ал байланыс үзілген кездегі синхрондау схемасы 1.3 суретте келтірілген.



1.3-сурет – Байланыс үзілген кездегі синхрондау сұлбасы мұндағы, Синхрондаудың пайдаланылмайтын резервтік сұлбасы 1-2 - Басымдықтар PRC; пайдаланылмаған – Синхрондау мәртебесі туралы хабарлама

## 2 NGN анықтамасы

NGN - дестелер коммутация технологиясын қолданатын, деректер, бейнелер және сөздерді таратуға арналған, көпмақсаттық әмбебап желі.

NGN желісі ашық және реттелген сәулетпен сипатталады, онда қызметтер шақырумен басқару функцияларынан бөлінген, ал шақырумен басқару функциялары тасымалдау функцияларынан бөлінген. Ашық хаттамалардың және интерфейстердің арқасында көптген қызметтерді оперативті және иілгішті көрсету, ал абоненттерге жүйелік жабдығының құрылымынан және тасымалдау қызметтерінің терминалдарының түрлерінен тәуелсіз, өздерінің қалауынша қызметті ықтималдау мүмкіндігі беріледі. Дестелі коммутациялы тіректі желі телефондық желінің интеграциясын, деректерді тарату желісін және кабелдік теледидар (КТД) желісін жылдамдату рұқсат етеді. Тәуелсіз желілік басқару деңгейінде шақырумен басқарудың негізгі функциялары бағдарламалы түрде жүзеге асады, шақыруды маршруттауды, басқаруды бақылауды және сигнализацияның әсерлесуін қоса, осылай қолданушылардың керекті қажеттіліктеріне тасымалдау қызметтерін және басқару хаттамаларын ықтималдауға рұқсат беріледі. NGN жүйесі PSTN жүйесімен, PLMN ортақ қолданыстағы жер үстіндегі ұялы байланысымен, 3G 3-ші ұрпақты ұялы байланыстың желісімен, IN интеллектуалды желімен, Internet желісімен және тағы басқа желілермен жүйеаралық медиашлюздер, медиашлюздер жалғау жолдары және сигнализация медиашлюздер арқылы өзара қатынасады. Кәдімгі қолданушылар NGN желісіне рұқсатты терминалды жабдықтар, ол дестелі коммутациялы жүйелері бойынша дауыстық ақпаратты таратуды қамтамасыз етеді және мультимедиялық терминалдар арқылы қол жеткізеді. Корпоративті қолданушылардың желіге қосылуы (MG) медиашлюздері және интегралды рұқсат құрылғылары (IAD) арқылы іске асырылады, олар дауыстық байланыс, деректерді тарату және бейне ақпарат қызметтерін әртүрлі қолданушыларының талаптарына толық сәйкесті.

NGN желілеріне қойылатын талаптар:

- “мультисервистік”, қызмет технологияларының транспортты технологияларынан кедергісіз өту;
- “кең жолақтылық”, тұтынушының сұраныстары бойынша, кең диапазонда ақпаратты тарату жылдамдығының иілімді және динамикалық өзгерту мүмкіндігі;
- “мультимедиялылық”, қосылыстардың күрделі конфигурацияларын пайдаланып, ақпараттарды (сөз, деректер, бейне, аудио) желіде тарату мүмкіндігі;
- “интеллектуалдылық”, тұтынушы немесе қызметті жеткізушінің қосылыспен, телефон шақыртулармен және қызметтермен басқару мүмкіндігі;
- “қатынау нұсқаулылығы”, қолданылатын технологияға байланыссыз, қызметтерге қатынау ұйымдастыруының мүмкіндігі;
- “көп операторлылық”, қызметтер көрсету және қолданылатын салаға

олардың сәйкес келуін қамтамасыздандыру үрдістерінде көп операторлардың қатысу мүмкіндігі.

Осылайша, келесі ұрпақтың байланыс желісі (NGN)—бұл басқаруы өте иілгіш келетін шексіз көп қызметтер түрін пайдалануға мүмкіндік беретін байланыс желісін тұрғызу, желі мәселелері унификациялау арқылы жаңа қызмет түрлерін құру және жекелеу, жүйенің шеткі түйініне қызметкөрсету функциясын шығару және дәстүрлі байланыс желілерімен интеграциялану концепциясы болып табылады.

### 2.1.1 Жұмыстың мақсаты

Жұмыстың негізгі мақсаты: Өтеген Батыр ауылында, NGN негізінде, Huawei құрылғысының көмегімен, сөз және басқа да мәліметтерді беру қызметін ұсыну, қаладағы бар цифрлық арналарды тиімді пайдаланып желілердің өнімділігін арттыру арқылы, және дестелік коммутациялар технологиясы бойынша қызметтер көрсету негізінде транспорттық желі құру.

Осы жұмыстың мақсаттарын анықтау үшін, басқарушы әлемдік телекоммуникация операторларымен ұсынылған, NGN желілеріне өту стратегияларын қарастыру керек. NGN желілеріне өтуінің мүмкін стратегияларын үш негізгі топтарға бөлген жөн: революциялық, эволюциялық және «аралдық».

Бірінші стратегия екі жағдайда қолайлы: жаңа желі құрастырылады; барлық эксплуатацияланатын коммутация мен тарату жабдықтары ауыстыруды қажет етеді. Революциялық стратегияның қолданылуының практикалық нұсқауы өте сирек кездеседі.

Екінші стратегия - операторлардың желіні түрлендіру үшін нақты жоспар құруын мақұлдайды. Жалпы пайдалыныстағы телефон (ОҚТЖ) желісінің цифрленуі кезеңінде қабылданған, «үстіне қойылған» желі тұжырымдамасы осы келтірудің аналогі болып саналады.

Үшінші стратегия – оператор қажеттілік барысында, ескірген коммутациялық станцияларын көрсетіп, «арал» тәрізді өзінің NGN желісін құрастыруын мақұлдайды.

Осы жұмыстың басты мақсаты – абоненттерге қазіргі сапа мен сенімділікті қамтамасыз етіп, телекоммуникация қызметтерінің қосымша түрлеріне сұранысын қанағаттандыру арқасында, «Қазақтелеком» АҚ – ның телекоммуникация нарығында орнықтыру және қосымша табыс табу.

Технологиялық мақсаттар:

- дауысты трафикті дестелі тарату технологиясының «тегіс» сәулетінің қолданылуы нәтижесінде, телефон желісінің әмбебап, тиімді, біріккен мультисервисті құрылымын құру;

- жалпы пайдаланыстағы телекоммуникация желісін IP/MPLS деректерді тарату желісімен конвергенциялау;

- ашық хаттамалар негізінде кез – келген қызметтер түрін енгізу үшін технологиялық негіз құру;



- мониторинг және желі қорларымен басқарудың бітұтас жүйесін құру;
- желі жұмысының сенімділігін арттыру. Жұмыста мына сұрақтар

қарастырылған:

- желі құрастырудың ең тиімді нұсқауын анықтау;
- жабдықты сипатталау;
- жабдықты есептеу;
- тіршілік қауіпсіздігі;
- бизнес – жоспар (экономикалық тиімділікті есептеу).

## 2.1.2 Келесі ұрпақ технологиясына өту негіздері

Өтеген Батыр ауылының қазіргі заман телекоммуникациялық қызметтер нарығы сандық және сапа жағынан өзгерген сұранысымен, жаңа технологиялардың жылдан дамуымен, бәсекелестіктің шұғыл күшейуімен сипатталады. Номерлік сыйымдылықтың өсуінен туындаған ОҚТЖ трафигінің өсуі АҚТС-тер мен транзиттік станциялардың, қуаттарын үнемі өсіріп отыруы талап етеді. Оның үстіне, Жамбыл ОДТ-сының табыс көлемінің өсуі мен абсолюттік көрсеткіштегі өткізілген трафик көлемінің өсуі қасында соңғы бірнеше жылда дәстүрлі байланыс қызметтерін ұсынудан пайда көлемінің төмендеуі байқалады. Байқап отырған мәліметтер тасымалдау қосымша тұрақты өсу тенденциясы үлкен перспективаға алып келеді, яғни мәліметтер трафигінің көлемі телефон трафигінің көлемімен бір деңгейге көтеріледі.

Осыған байланысты қазіргі жұмыс істеп тұрған желілер келесі ұрпақ желісіне (NGN) көшуі байқалады, олар телекоммуникациялық қызметтерді дыбыс, мәліметтер және бейне сияқты тәуелсіз тасымалдау жүйелерін бір жүйеге интеграциялау жолымен жаңа деңгейде қамтамасыз етеді және клиенттерге қосымша сервистер ұсынады.

NGN желісін құру мынадай міндеттер шешуді қамтамасыз етеді:

- Дестелік тарату ортасы бар телекоммуникациялар желісін конвергенциялауды, деректер берудің дестелік желісі бойынша қалааралық және халықаралық телефон трафигін өткізу мен бағыттауды, телефондық және дестелік желілер арасындағы сигналдау хаттамаларын тарату мен өңдеуді;
- әртүрлі топологиялық тұрақты және жалғанатын арналар ұйымдастыруды;
- VPN корпоративтік желілерін ұйымдастыруды;
- қызмет көрсету сапасының әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз етуді;
- желінің сенімділігін қамтамасыз етуді.

2005-2006 жылдар – дестелік жалғанатын келесі ұрпақ (NGN) желісін құрудың бастапқы кезеңі. Барлық облыс орталықтарында Metro Ethernet желілері құрылысын салу жобаларын және IP/MPLS технологиясы бойынша деректер берудің магистралдық тасымалдау желісі құрылысын салу жобасын іске асыру. Қоғам филиалдарында мультисервистік шешімдерге негізделген

катынау желісін дамыту жобаларын жүзеге асыру, бұл жеке тұлғалар үшін «баршаға ADSL»-дан бастап корпоративтік VPN-ға дейін жаңа қызметтер көрсетуді республика көлемінде өсіре беруге мүмкіндік туғызады.

Бірінші кезең IP желісі бойынша дауыс таратудың қажетті сапасын, NGN желісі жұмыс істеуінің ақпараттық қауіпсіздігін, биллингтік шағын жүйелердің сертификатталуын қамтамасыз етудің негізгі мәселелерін, сондай-ақ NGN барлық элементтерін әкімшілік басқару мәселелерін шешуге бағытталған.

## **2.1 NGN мультисервисті желілерді құру қағидалары**

Мультисервисті желі құрудың бірнеше нұсқасы бар. Олардың бірі гомогенді инфрақұрылымды қарастырады - бұл бірігуге қарастырылмаған желі толығымен дестелі бөліктенетін және коммутацияланатын дестелі регионалды байланыс желісі немесе байланысқа негізделген желісі (АТМ тәрізді). Осы айтылған архитектуралардың біреуі де жекеленген түрде мультисервисті желіні құруда тұтушыларды қанағаттандыру мүмкіндіктері жоқ, бұл жергілікті есептеуіш және аймақты байланыс желілері үшін экономикалық және функционалдық талаптарын айырмашылығынан болып тұр. Кең аймаққа таралатын мультисервисті желінің ядросы болуы қажет – аймақтық байланыс желісі, перифериялі жергілікті есептеуіш желілермен айналған.

Қолданыстағы желі интеграциялы тасымалмен, қосылуымен (бірігумен), маршрутизациялаумен және қызметпен сипатталады. Әр түрлі қызмет көрсету үшін (телефонды байланыс, бейне, ақпарат тасымалдау), әр түрлі желілер арналған. Алғашқы желілерге қарағанда, қазіргі заман желілері (NGN) әр түрлі деңгейде ашық архитектурасымен және көлденең өзара байланысымен сипатталады.

NGN-нің жалпы инфрақұрылымы, әр түрлі қызмет көрсету үшін қолданылатын дестелі технологияға негізделген транспорттық деңгейде жүзеге асады.

Бастапқы нүктемен белгіленген нүкте арасындағы ақпарат айнаымалы бір принцип бойынша, яғни байланыс түрінен тәуелсіз түрде (телефонды шақыру, интернетте жұмыс істеу сеансы, бейне тасымалдау, бірнеше ойыншылармен желідегі ойын немесе фильмнің трансляциясы) жүзеге асады.

Қолданбалы деңгей логикалық және физикалық транспортты деңгейден бөлінген, бұл әр түрлі желі сегменттерін бір бірінен тәуелсіз дамытуға мүмкіндік береді. Әр түрлі қызметтер үшін (телефонды байланыс, электронды коммерция, сұраныс бойынша бейне тасымалдау және тағы басқа) әр түрлі серверлер жауап береді, олар транспорттық деңгейден бөлінген. Жаңа қызметті енгізу үшін бар болғаны, транспорттық деңгейде желінің барлық тұтынушыларына тиімді болатын жаңа серверді енгізу.

Тұтынушыларды NGN-ге енгізу әр түрлі технологиялар негізінде құрылған интерфейс арқылы жүзеге асады. NGN желісіне қосылу кең жолақты интерфейс арқылы тиімдірек болуына қарамастан, барлық тұтынушыларға


қолданылған құрылысынан тәуелсіз, әмбебап рұқсат беріледі.

NGN желісінің негізгі ерекшеліктері мен артықшылықтары:

- NGN желісі пайданың жаңа көзі болып табылатын, ерекше қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді;
- қызметтер дестесін ұсыну мүмкіндігі;
- шығынның төмендеуі;
- стандартты ашық интерфейстер;
- жаңа қызметтерді енгізу мүмкіндігі;
- желіге қызмет көрсету мен монтаж жеңілдігі;
- жоғарғы масштабталуы;
- әр түрлі өндірушілердің құрылғыларын қолдану;
- қолданудың арзандығы, бұл желілік ресурсты тиімді пайдалану;
- толық байланыстылық.

## 2.2 NGN архитектурасы

Huawei компанияның U-SYS концепциясына сәйкес NGN желісінде 4 деңгей пайдалынады, олар — қосылу деңгейі, коммутация деңгейі, желіні басқару және қызметтерді басқару деңгейлері.



2.1-сурет – NGN архитектурасы

1.4-суретте көрсетілгендей қосылу деңгейде абоненттерді және терминалдарды желіге қосуы әр түрлі құралдарды қолдану және шығу хабарынның форматын осы желіде қолданылатын қажетті форматқа түрлендіру арқылы жүзеге асады.

- Интегралды қосылу құрылғысы (IAD): NGN архитектурасында

қолданылатын абоненттік қосылу құрылғысы болып табылады. Бұл құрылының көмегімен мәліметтер тарату қызметі, дауыстық байланыс, видеодеректер мен басқа да қызметтері жүзеге асырылады. Әрбір құрылғыда (IAD) максимум 48 абоненттік порт болады;

– Қосылу медиашлюзы (AMG): оның көмегімен абонентке қызметтерге әр түрлі қосылу мүмкіндігі беріледі, оларға аналогты абоненттік қосылу, ISDN қызметін интеграциялау арқылы сандық желіге қосылу, V5 қосылуы және сандық абоненттік желіге қосылу (xDSL) жатады;


– сигнализация медиашлюзы (SG): ол ОКС-7 сигнализация жүйесі және интернет-протокол (IP) желісінің интерфейсі деңгейінде орналасқан; коммутацияланатын орта қолдану телефон желісі PSTN мен IP желісі арасындағы сигнализацияны түрлендіреді;

Коммутация деңгейінде пакеттер коммутациясы жүзеге асады, және осы деңгейде маршрутизаторлар мен үшінші деңгейлі магистралды желі және транспорты желіде таралған IP-коммутаторлар қолданылады. Бұл деңгейде абоненттерге біртүрлі және сенімділігі мен қызмет көрсету сапасы жоғары интегралды тарату платформасы(QoS) беріледі. Қызмет көрсетудің «тесіп өту» сапасын қамтамасыз ету үшін MPLS технологиясы шығарылды, ол Қазақстанның транспорттық желісінде қолданылады.

MPLS (Multi Protocol Label Switching)— дестелерді тез коммутациялау технологиясы. MPLS каналды технологиялар (Data Link Layer 2) деңгейіне тиесілі трафиктерді басқару мүмкіндігіне, және желілік деңгей (Network Link Layer 3) технологиясына тән протоколдардың масштабталуы мен иілгіштігін өз бойында біріктірген. «Көп протоколды» технологияның аты айтып тұрғандай MPLS – инкапсуланаушы протокол және ол көптеген басқада протоколдарды тасмалдай алады. MPLS протоколы дестелер мен магистрдың жылжу процесін жеңілдетеді, себебі аралық LSR-де ерекше маршрутизация өтеді, яғни мәлімет орталығында белгіде жоғары жылдамдықты коммутация жүзеге асады.

Белгі – FEC-ті анықтау үшін желінің локальды бөлігінде мәнге ие фиксацияланған ұзындықты қысқа индикатор. Бүгінгі күнде 32-биттік белгі форматты стандарт болып анықталған, ол үшінші (Layer 3) және екінші (Layer 2) деңгейлік аралығында орналасқан. Сондықтан MPLS технологиясы тұтынушыға қызмет көрсету саласының кепілдігін орындай отырып, талап ететін QoS-ті өте жақсы ұстана (қолдай) алады. Сигнализация процесін мәліметтер тасымалдау бөлігінен шығару трафикті бақылауға және иілгіш басқаруға мүмкіндік береді. Басқару жағынан қарайтын болсақ технология көптеген маршруттаушы түйіндерді біріктіріп, бүкіл желі бойынша басқарудың ортақ системасын қолдануға мүмкіндік береді. Желіні басқару деңгейінде шақыруларды басқару жүзеге асады. Осы деңгейдегі негізгі технологиясы – иілгіш коммутация. Ол қазіргі уақыт режиміндегі шақыруларды және қосылуды басқару үшін қолданылады. Иілгіш коммутатор (SoftSwitch): бұл NGN желісінің негізгі компоненті. Иілгіш коммутатор ақпаратты тасымалдау және коммутациялауды басқару деңгейінің функцияларын жүзеге асыратын негізгі құрылғы болып табылады. Коммутатор шақырулармен басқаруды,

медиашлюздерге қосылуын басқаруды, ресурстарды таратуды, маршрутизацияны, аутентификация мен қызмет көрсетуінің бағалауының санағын, және абоненттерге негізгі дауыс қызметтерді, мобилді және мультимедиа қызметтерді берілуін жүзеге асырады. Softswitch негізгі мақсаты кез келген қосылуды жүзеге асыру процесін толық бақылау. Бұл процестің себепшісі қай желінің тұтынушысы болуына және шақырылатын қолданушы кім болатынына бағынышсыз. Осылайша Softswitch желілік қоршалуы 1.5-сурет көрсетілген.



2.2-сурет – Softswitch желілік қоршалуы

1.5-суретте көрсетілгендей Softswitch барлық қолданылатын сигнализация жүйелерінің барлығымен жұмыс істеуі қажет және әртүрлі протоколдармен жұмыс істейтін құрылғылар арасында өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету қажет. Қызметтерді басқару деңгейінде негізінен қосымша қызметтерді ұсыну жүзеге асады, онымен қоса қосылулардың жұмыс істеуіне жәрдемдеседі. Қызметтерді басқару деңгейінде қызметтер мен қосымшаларды логикамен басқару функциясы бар және ол таратылған есептеуіш орта болып табылады. Ол төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- инфрокоммуникациялық қызметтерді ұсыну;
- қызметтерді басқару;
- жаңа қызметтерді құру және енгізу;
- әр түрлі қызметтердің өзара жұмысы.

Осы деңгейдің арқасында желіге кез-келген жаңа қызметтерді басқа деңгейлердің қызметіне араласпай-ақ енгізуге болады. Ол қосалқы жүйелер әр түрлі технологиялар негізінде құрылған, өз абоненттері бар және өзінің ішкі адрестік жүйесі бар болады. Қазір NGN-ге салған ақша, операторлар абоненттерге тартымды, ыңғайлы және жанжақты қосымшалар мен шынайы пайдалы және тұтынушыға қосымша мүмкіндіктер туғыза алатын қосымша қызметтер ұсына алса, яғни, дәстүрлі дауыстық қызметтерден басқа, мультимедиялық қызметтер, мобилді коммерция, ойын-сауық және т.б. кеңінен дамитын болса ғана ақталатыны белгілі.

## 2.3 NGN қызметтеріне қосылуды ұйымдастыру


ОҚТЖ-да қосылу үшін абоненттік аймақ қолданылады, оның өткізгіштік қасиетін арттыру үшін xDSL технологиясын қолдану мүмкін, ал жылжымалы байланыс желілерінде (2G) GPRS технологиясы пайдалануы мүмкін.

Келесі ұрпақ желісінің негізгі артықшылығын ерекшелік көрсетуге болады:

- жоғары масштабталу;
- модульдік кеңеюі;
- әр түрлі өндірушілердің құрылғыларын қолдану;
- жаңа қызметтерді мен желі элементтерін транспорттық желі типіне және қосылу тәсілімен тәуелсіз қосылуы;
- желі ресурстарын тиімді пайдаланғандықтан эксплуатация құнының төмендігі;
- толық байланыстылық.

Жоғарыда аталғандардан бүгінгі күні барлық байланыс операторлары үшін NGN желісін енгізу қажеттілігі басты проблема болып табылады. Осының негізгі себебі арналар коммутациясы кезінде трафиктің тиімсіз қолданылуы және коммутация дестенің желідегі өтілуі.

NGN желісі каналдар коммутациясы технологиясына сапалы қызмет көрсетуді және пакеттер коммутация тиімділігін қамтамасыз етеді.



2.3-сурет – NGN – дегі қызметтерді ұсыну

2.3-суретті талдай отырып, абоненттердің NGN келесі қызметтерді ұсынатынын көре аламыз:

- интеграцияланған қосылу желілері, олар мультисервистік желінің аяқталған түйіндерін қосылған және қолданушының мультисервистік желіге және дәстүрлі желіге де қосылуын қамтамасыз етеді;

– дәстүрлі желі (ОҚТЖ) олардың абоненттері мультисервистік желіге шлюздерге (Media Gateway) қосылған түйіндер арқылы қосыла алады.

Қорытындылай келсек, Тараз қаласының қазіргі заман телекоммуникациялық қызметтер нарығы қолданушының сандық және сапа жағынан өзгерген сұранысымен, жаңа технологиялардың жылдан дамуымен, бәсекелестіктің шұғыл күшейуімен сипатталады. Бұл қарқын негізінде Internet желісін пайдаланушыларының көбеюімен, халықаралық байланыс операторларының өзара әрекеттесуімен және берілетін мәліметтер көлемінің көбеюімен байланысты. Бірақ Тараз қаласындағы желі тұтынушылардың барлық сұраныстарына жауап бере алмайды, осыған байланысты қазіргі жұмыс істеп тұрған желілер келесі ұрпақ желісіне (NGN) көшуі байқалады, олар телекоммуникациялық қызметтерді дыбыс, мәліметтер және бейне сияқты тәуелсіз тасымалдау жүйелерін бір жүйеге интеграциялау жолымен жаңа деңгейде қамтамасыз етеді және клиенттерге қосымша сервистер ұсынады.

## **2.4 Huawei Technologies U – SYS жүйесі құрылғысын сипаттау**

NGN желісі қызметі шақыруларды басқару функциясынан жекеленген, ал шақыруларды басқару функциясы ауыстыру функциясынан жекеленген ашық және таратылған архитектурасымен сипатталады. Интерфейстің және ашық хаттаманың көмегімен оперативті және қолайлы көптеген қызметтерді ұсыну жүзеге асырылады, ал абоненттерге желі құрылымдарымен және ауысу қызметтері терминалының типіне тәуелсіз, қызметті ықшамдауға мүмкіндік тудырады. Дестелі коммутациялы тіректі желісі телефон желісін, мәліметтерді тарату желісі және кабельді телебейне желілерінің интеграциясын жеделдетуге мүмкіндік береді. Желіні басқару деңгейінде басқару функциясын медиашлюздерден бөлуге ашық және тәуелсіз желілі басқару платформасы қолданылады. Тәуелсіз желіні басқару деңгейінде шақыруларды басқарудың негізгі функциялары бағдарламалы түрде, шақырудың маршрутталынуын, сигналды арақатынас және басқаруды қадағалауын жүзеге асырады, сонымен бірге қолданушыларға басқару хаттамаларын және ауысу қызметтерін өз қажеттіліктеріне байланысты жеңілдетуге мүмкіндік береді. NGN желісі PSTN, жалпы қолданыстағы жерлік жылжымалы желіменен PLMN, 3-ші ұрпақтың жылжымалы желісіменен 3G, интеллектуалды желіменен IN, Internet желісіменен және медиашлюздің жалғағыш жолдарының және сигналдау шлюздерінің көмегіменен басқа желілерменен арақатынасқа түсе алады. Қарапайым қолданушылар NGN желісіне сөздік ақпаратты дестелі коммутация желісіменен тарата алатын терминалдық құрылғылар көмегіменен немесе мультимедиялық терминалдар арқылы қосыла алады. Ал желіге корпоративтік қолданушыларды қосу медиашлюз (MG) арқылы жүзеге асады, барлық өндірушілердің талаптарына лайық келетін интегралды қолжеткізу құрылғысының (IAD) көмегіменен жүзеге асырылады.

## 2.5 Иілгіш коммутатор

SoftX3000 дегеніміз үлкен сыймдылықты, өнімділікті және жоғарғы сипаттамалы иілгіш коммутатор, NGN желісінің басқару деңгейінде сөздік байланыстар үшін қосылыстарды және шақыруларды басқару және IP-желісі арқылы мультимедиялық қызметтерді және мәліметтерді тарату қызметтерін атқарады. SoftX3000 құрылғысы әртүрлі қызметтерді ұсыну мүмкіндігімен және үлкен желі аралық қатынастармен ерекшеленеді. Байланыстың дәстүрлік желісін NGN желісі арқылы арттыру және интеграциялау үшін SoftX3000 құрылғысын түрлі мақсаттарда қолдануға болады:

- құрылғы толығыменен PSTN желісі қызметінің мүмкіндіктеріменен сәйкестендірілген және түрлі хаттамаларды қолдайды, айтатын болсақ медиашлюзді басқару хаттамасы (MGCP), H.248 хаттамасы, байланыс сеансын инициализациялау хаттамасы (SIP) және H.323 хаттамасы. Дәстүрлі телефондық терминалдар PSTN, MGCP қолдайтын дестелі терминалдар, H.323, SIP немесе H.323 терминалдары SoftX3000 құрылғысына қосылады. Сонымен қатар SoftX3000 құрылғысы мультимедия қызметінің ақырғы станциясы ретінде қолданылады;

- SoftX3000 құрылғысы дәстүрлі PSTN желісінің сигналдауын, мысалы жалпы арналық сигналдау жүйесін OKC7 (SS7), R2 сигналдау жүйесін, сандық абоненттік сигналдау жүйесін No.1 (DSS1) және V5 хаттамасын қолдайды. SG, TMG, UMG және басқа шлюздер көмегіменен SoftX3000 құрылғылардың түрлі мүмкіндіктерінің әдістемелерін және түрлі транспорттық технологияларымен қамтиды. SoftX3000 құрылғысы сөздік байланыстың ақырғы станциясы, транзиттік станция және қалааралық станциясы ретінде жұмыс істейді;

- SoftX3000 құрылғысы қара/ақ тізімді функцияны, шақырулардың аутентификациясын, шақыруларды қағып алу және басқа функциялар тізімін қолдайды. SoftX3000 құрылғысын шлюздік станция негізінде қолдануға болады;

- SoftX3000 құрылғысы хабар таратудың төменгі жүйесін (MTP) қабылдайды және SoftX3000 құрылғысын сигналдаудың интеграцияланған шлюзі ретінде қолдануға болады;

